

22 қазан
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

ҚАРАТАЛДАҒЫ БАЛАБАҚША ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

БҰҒАН ДЕЙІНГІ «БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫ КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫНАН БҮЛІНІП, ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ҚАЛҒАН-ДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА Ш.БЕРСИЕВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДА ЖАҢА БАЛАБАҚШАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР.



Жалпы аумағы 880 шаршы метрді құрайтын 60 орындық балабақша құрылысын «АТМ Холдинг» ЖШС жүргізіп жатыр. Қаратал-

дағы қарқынды жұмысты 22 адам атқарып жатыр. «Жұмыс қарқыны жоғарғы деңгейде, құрылыс материалдарына қатысты шағым

жоқ. Бәрі уақытылы қамтамасыз етілуде. Жергілікті тұрғындардан 5 азаматты жұмысқа тарттық. Жұмыстарды желтоқсан айының

аяғында аяқтауды жоспарлап отырмыз» - деді мердігер компанияның өкілі Ринат Сафин.

ЖАҢНАТТЫҢ ФИТНЕС БӨЛМЕСІ

ҚҰРБЫЛАРЫН КАТАРЫНА ШАҚЫРАДЫ
САРАЛЖЫН АУЫЛЫНДА ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ШАҒЫН ФИТНЕС-БӨЛМЕ АШЫЛДЫ. АУЫЛ ТҮГІЛІ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ЖОҚ БОЛҒАНДЫҚТАН, БҰҒАН ЕКІНІІ БІРІ СЕНЕ БЕРМЕЙДІ.



«Шағын ауылда фитнеспен пайда табамын деу қате. Мақсат ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін қалалықтарға жақындату, жақында бұйырса караоке-бар, диско-бар, бильярд залын ашу жоспарлануда. Неге ауылдың әйелдері сары қарын, салпы етек болулары керек, олар да сұлу, сымбатты, мүсінді болғылары келеді. Біз "ауылдан бәрі көшіп жатыр, жастар келмейді"-дейміз, ал оларға қандай жағдай жасап отырмыз, біздер, үкімет, ауылдың бас көтерерлері, кәсіпкерлер. "Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар"-демекші, әуелі жағдай жасайық, тек бас пайдамызды ойлай бермей... Осы бағыттағы менің інім Жалғасбай Мұсабековтің ауылды көркейтуге арналған

жобаларымыз бар. Ауылда қанша шаруа қожалықтары, кәсіпкерлер бар, туған жеріне пайда тауып отырған жеріне бір тиын шығармайды. Ауылдан шыққан, қалада тұратын қанша жағдайы жақсы адамдар бар, тек ауылға демалуға, көлігін көрсетіп мақтануға келетін, ауылына дым пайдасы жоқ. Кіндік қаның тамған жерге, маңдай терең де сіңуі керек. "Гүлденсе ауыл - гүлденеміз бәріміз", - дейді осы кәсіпке қаражат құйған кәсіпкер Спартак Төремұратов. Ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін жақсартуға үлес қосуды көздеген бастаманы көтерген Спартактың жұбайы жеті баланы өмірге әкелген "Батыр ана" Жаннат Қожантаева.

ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ:

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТ АЛЫП, ЖАСТАР ЖАРЫСТЫ

БИЫЛ 19 ҚАЗАНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 29 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ АУДАНДА МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ.

Шараның шымылдығын аудан әкімі Асқар Қазыбаев ашып, Ойыл ауданының Төтенше жағдай бөлімінің қызметкерлерін құтқарушылар күнімен құттықтады.

Одан әрі азаматтық қорғау органдарының құрметті ардагері, азаматтық қорғау подполковнигі Тимур Бактыгереев жылы лебізін білдірді. Мерекеге орай табиғи сипаттағы әртүрлі төтенше жағдайлардың алдын-алу мен жоюға

және адам өмірін қорғауда қосқан зор үлестері үшін бірқатар қызметкерлер аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

Шара соңы ескелең ұрпақ арасында қауіпсіздік мәдениетін арттыру және кәсіптік бағдар беру, төтенше жағдай кезіндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында «Жас құтқарушы» мектепаралық спорттық ойындарымен жалғасын тапты.



АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІ – РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

25 қазан – қазақ халқы үшін тарихи күн. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болды. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын бұл күн қазақ халқының мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы. Бұл күн ата-бабаларымыз аңсаған арманының жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған күн. Республика күні – тәуелсіздігіміздің жаршысы, оған жол ашқан тарихи оқиғаны айғақтаушы күн. Сондықтан да біз үшін бұл мереке егемен ел болып ірге қалауымыздың белгісіне айналған тарихи күнді, ұлттық рухымыздың қайта түлеген сәтін еске салатын ерекше сипатқа ие.

Бүгінде әлемнің алпауыт елдері мойындаған Қазақстан Республикасының қалыптасу кезеңі өте күрделі. Ғасырлар бойы дербес, тәуелсіз мемлекет болуды аңсаған ата-бабаларымыздың арманы 1991 жылы орындалды. Әлем тарихында тұңғыш тәуелсіз Қазақстан Республикасы пайда болды. Рухы биік, ер халық намысын ешкімге тапталпады.

Ұлан байтақ алқапты алып жатқан қазақ даласы биыл аса ауыр кезеңдерді бастан өткерді. Біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлар жүріп өткен жолы, бұралаң соқпақтары – табиғат тағдырдың берген сынақтарынан қазақ халқы сүрінбей, тізесі бүгілмей, еңсесін биік ұстап, аман-есен өтті. Тағдырдың бұл сынақтары қазақ халқын ширатты, шыңдады.

Қадірлі ойылдықтар!

Дәуіріміздің шежірелі жылдарында үлкен жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі. Баянды болашаққа бет алған тәуелсіз Қазақстан Республикасы – ортақ жетістігіміз, ортақ мақтанышымыз!

Республика күні мерекесі құтты болсын! Баршаңыздың отбастарыңызға аمانдық, елімізге тыныштық, береке мен бірлік тілеймін!

Игі тілекпен, аудан әкімі Асқар Қазыбаев

БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕНКЕСІ ӨТТІ

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ОРАЙ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ОПЕРАТОРЛАРДЫ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУҒА БОС ОРЫНДАР ЖӘРМЕНКЕСІ ӨТТІ.



Аудандағы барлық мемлекеттік мекемелерде 15 қазан от жағу жұмыстары басталып, жылу жүйесі қосылды. Осыған орай бірқатар мекемелерде операторларға бос орындар жарияланған-ды. От жағушы куәлігі бар азаматтарға бос жұмыс орындар ұсынылды. «Осы ортада отырған біраз азаматтар бұл жұмыспен та- ныс. Қолдарыңызда от жағушы куәлігі бар. Барлығыңыз жұмыстың барысын білесіздер. Жылыту маусымы басталуына орай, заңға сәйкес дәстүрлі бос орындар жәрменкесін ұйымдастырып отырмыз. Өздеріңізге қолайлы орындарды таңдасаңыздар болады», - деді аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТИҢ МЕКЕНЖАЙЫН БЕРУ

НЕМЕСЕ ЖОЮ ОНЛАЙН-ҚЫЗМЕТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

ЕНДІ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ОНЛАЙН РЕЖИМИНДЕ ӨЗ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ОБЪЕКТІСІНІҢ МЕКЕНЖАЙЫН БЕРЕ НЕМЕСЕ ЖОЯ АЛАДЫ. ОСЫ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША БҰРЫН АНЫҚТАМА БЕРГЕН ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНА БАРМАЙ-АҚ ПРОЦЕСТІ АВТОМАТТАНДЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРДІ.



Мекенжайды беру жылжымайтын мүлік объектісіне мемлекеттік деректер қорында кейін сәйкестендіру үшін қажет ресми мәртебе береді. Бұл ақпарат меншік иелеріне өз мүлкін заңды түрде басқаруға мүмкіндік береді. Мекенжай коммуналдық жүйелерге (электр, су, газ), интернетке, пошталық жеткізілімге және басқа да көптеген қызметтерге қосылу үшін қажет. Ресми мекенжайдың болуы меншік иесіне құқықтық даулар туын-

даған жағдайда мүлік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді, себебі жылжымайтын мүлік объектісі Мекенжай тіркеліміне енгізіледі. Сондай-ақ, мекенжайсыз жылжымайтын мүлікпен мәмілелер: сатып алу-сату, сыйға тарту, жалға беру және басқа да заңды операциялар жасау мүмкін емес. Қызмет жеке және заңды тұлғалар үшін қолжетімді және ақысыз негізде ұсынылады.

Қызметті алу үшін:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Жылжымайтын мүлік» - «Сатып алу, сату, жалдау» бөліміне өту;
 - «Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын беру/жою» қызметін таңдау;
 - қызметке ЭЦҚ көмегімен қол қою қажет.
- Көрсетілетін қызметті алу нәтижесінде пайдаланушының жеке кабинетінде мекенжайды беру/жою туралы хабарлама-хат немесе дәлелді бас тарту көрсетіледі. Сұрау салу мәртебесі нәтижені алған күнін көрсете отырып, Жеке кабинетте де көрсетіледі. Қызметтің жаңартылған функционалы ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске қосылды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

ОНЛАЙН-УСЛУГА ПО ПРИСВОЕНИЮ ИЛИ УПРАЗДНЕНИЮ АДРЕСА НЕДВИЖИМОСТИ ДОСТУПНА НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ

ТЕПЕРЬ ПОЛЬЗОВАТЕЛИ МОГУТ ПРИСВОИТЬ ИЛИ УПРАЗДНИТЬ АДРЕС ОБЪЕКТА СВОЕЙ НЕДВИЖИМОСТИ ОНЛАЙН НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ. УСЛУГА ПОЗВОЛИЛА АВТОМАТИЗИРОВАТЬ ПРОЦЕСС БЕЗ НЕОБХОДИМОСТИ ПОСЕЩЕНИЯ ЦЕНТРОВ ОБСЛУЖИВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ, КОТОРЫЕ РАНЕЕ ВЫДАВАЛИ СПРАВКИ ПО ДАННОЙ УСЛУГЕ.

Присвоение адреса придает объекту недвижимости официальный статус, который необходим для его последующей идентификации в государственных базах данных. Эта информация позволяет владельцам недвижимости легально распоряжаться своим имуществом. Адрес требуется для подключения к коммунальным системам (электричество, вода, газ), интернета, почтовой доставки и многих других сервисов. Наличие официального адреса обеспечивает владельцу защиту прав на имущество в случае правовых споров, поскольку объект недвижимости вносится в Адресный регистр. Также без присвоения адре-

са невозможно последующее заключение сделок с недвижимостью — купле-продажа, дарение, аренда и другие юридические операции. Услуга доступна для физических и юридических лиц и предоставляется на безвозмездной основе.

Чтобы получить услугу, пользователю необходимо:

- авторизоваться на портале eGov.kz и перейти в раздел «Недвижимость — Покупка, продажа, аренда»;
- далее в разделе выбрать услугу «Присвоение/упразднение адреса объектов недвижимости»;
- подписать услугу с помощью ЭЦП.

В результате получения услу-

ги в личном кабинете пользователя отобразится письмо-ведомление о присвоении/упразднении адреса, либо мотивированный отказ. Статус запроса также будет отображаться в личном кабинете с указанием даты получения результата. Обновленный функционал услуги был запущен благодаря совместной работе Министерства промышленности и строительства, Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК и АО «Национальные информационные технологии».

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

АЗАМАТТАР «ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН» ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИСІ АРҚЫЛЫ ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕР АЛА БАСТАДЫ

«ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН» АРҚЫЛЫ ДӘРІ-ДӘРМЕКТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТҮРДЕ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ПИЛОТТЫҚ ЖОБАҒА ЕЛ БОЙЫНША 700-ДЕН АСТАМ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ҚАТЫСАДЫ, 93 МЫҢ РЕЦЕПТ НЕГІЗІНДЕ ПРЕПАРАТ БЕРІЛГЕН, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ.

Астана қаласының екі емхана-сында пациенттерге QR-код арқылы «Әлеуметтік әмиян» бөлімінде (eGov Mobile қосымшасы) тегін дәрілік заттарды беру механизмі көрсетілді. Енді азаматқа қағаз рецепт алу үшін дәрігерге жазылуға уақыт жұмсаудың қажеті жоқ, мейіргер кезексіз қажетті препаратты өз бетінше бере алады. Егде жастағы тұрғындар неме-

се «Әлеуметтік әмиян» мемлекеттік сервисінің қызметтерін пайдалана алмайтын басқа адамдар үшін емханаға барған кезде Face-ID және веб-камералардың көмегімен сәйкестендіруден өту жеткілікті, содан кейін пациенттің қолына тиісті дәрілік заттар беріледі. Жыл соңына дейін бұл жоба тегін амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету шеңберінде

препараттар алатын 1,7 млн. адамды қамти отырып, бүкіл республика бойынша кеңейтілетін болады. «Әлеуметтік әмиянды» пайдалану азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету, заңсыз айналымды болдырмау, бұрмалау және басқа да бұзушылықтар саласында қолжетімділік пен толық ашықтық үшін жағдай жасайды.

ЖЕКЕ ЕҢБЕК ДАУЛАРЫ ҚАЛАЙ ШЕШІЛЕДІ?



Еңбек кодексінде жеке еңбек даулары бойынша алдымен келісу комиссияларына, одан кейін ғана сотқа жүгіну тәртібі көзделген. Яғни, заң талабына сәйкес жұмыскерлердің немесе бұрын еңбек қатынастарында тұрған адамдардың не жұмыс берушінің келісу комиссиясына жүгінуі олардың арасында туындаған жеке еңбек дауын сотқа дейін реттеу тәртібінің міндетті сатысы. Келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Ол, еңбек қатынастарын, еңбек қатынастарымен тікелей байланысты қатынастарды реттеу кезінде туындайтын мәселелер бойынша, әлеуметтік әріптестік, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі еңбек дауларын қарайды. Еңбек кодексінің 159-бабының 4-тармағына сәйкес келісу комиссиясына келіп түскен өтініш өтініш берілген күні тіркеледі.

Комиссия дауды өтініш түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға және дау тараптарына шешімнің көшірмесін оны қабылдаған соң үш күн ішінде беруге міндетті. Комиссияның шешімі жұмысқа қайта алу туралы дауды қоспағанда, шешімде белгіленген күнде орындалуға тиіс. Ал жеке еңбек дауларын қарау бойынша келісу комиссиясының жұмыскерді жұмысқа қайта қабылдау туралы шешімі дереу орындалуға жатады. Егер еңбек дауының тарабы келісу комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда сотқа жүгінуге құқылы. Өтініш иесінің талаптарын қанағаттандырған келістіру комиссиясының шешімін келесі жақ үш күн мерзімде атқарады (Еңбек туралы заңның 100-бабы). Комиссияның еңбек даулары жөніндегі шешімімен келіспеген жағдайда қызметкер немесе жұмыс беруші үш айдың ішінде сотқа шағымдануға құқылы. Ұжымдық еңбек даулары — ұжымдарда еңбек

жағдайларын белгілеу мен өзгертуге және еңбекке ақы төлеуге, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, оларды орындауға байланысты, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдардың, ұжымдық шарттар мен келісімдердің ережелерін қолдану мәселелері бойынша жұмыс беруші (жұмыс берушілер бірлестігі) мен қызметкерлер ұжымдары (қызметкерлер өкілдері) арасындағы келіспеушіліктер. Ұжым қойған талаптар жазбаша түрде баяндалып, жұмыс берушіге жіберіледі. Жұмыс беруші еңбек ұжымы қойған талаптарды олар алынған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей қарап, даудың мәні бойынша келісімге қол жеткізуге әрекет жасауға, ал аталған мерзім ішінде келісімге қол жетпеген жағдайда дауды одан әрі қарау үшін өзі өкілдерінің жеке құрамын көрсете отырып өзінің шешімі мен ұсыныстарын жазбаша түрде еңбек ұжымының назарына жеткізуге міндетті.

Ойыл ауданының прокуратурасы

БУЛЛИНГ ҚҰРБАНЫ — ЖАСӨСПІРІМДЕР



Қазіргі уақытта әлеуметтік желілер мен технологиялардың жаңа деңгейге шығуы балалар арасындағы буллингті де жаңа деңгейге көтерген. Буллинг көп жағдайда физикалық қысымнан ғана тұрмайды. Көбінесе психологиялық шабуыл: қорлау, жаман сөздер айту, есек пен өтірік сөз тарту және шеттетуден тұрады. Әсіресе соңғысы балалардың өз ортасынан алшақтап, жалғыздықтан суицидке баруына әсер етеді, қазіргі уақытта телефонға түсіріп алу, оны таратып жіберу секілді әрекеттер бұл мәселені одан бетер өршітіп жіберді. Сонымен қатар қазір буллингтің физикалық түріне қарағанда психологиялық шабуылы көбірек байқалады. Балалар

арасындағы суицидтің көп белең алып кетуі де осыған байланысты. Алайда біз бұдан физикалық буллингке қарағанда оның психологиялық түрі қауіпті болады деп айта алмаймыз. Бұлардың екеуі де қауіпті. Мысалы, физикалық шабуыл кезінде құдалауға ұшыраған баланы итеріп жіберіп немесе ауыр соққы жасаса, психологиялық түрінде баланы шеттету, мазақтау, күлкіге айналдыру болады. Мұның барлығы да ақыл-есі қатпаған жасөспірімге ауыр әсер етеді".

Мектептегі буллинг көбіне бастауыш және орта сыныптарда кездеседі. 10-11 сыныптарда ми құрылымдарының жетілу процестерінің және жасөспірімдердің өзін-өзі рет-

теу қабілетінің аясында мұндай мәселелер бірте-бірте жойылады.

"Басталған буллингті тоқтату өте қиын. Оның қатысушылары да көп болады. Мәселен, буллер құдалауды ойлап тауып, оны жүзеге асырады. Бақылаушылар — олар даудан алшақ жүреді, бірақ болып жатқан жағдайға жақтау немесе қарсылық реакциясын білдіреді. Соңғысы — құрбан болған бала. Психологияда тіпті "бақылаушының жарақаты" деген термин бар. Көп жағдайда балалар үздіксіз зорлық-зомбылықтың куәгері болу тәжірибесін өз бетімен жеңе алмайды. Яғни буллинг тек құрбан болған баланың ғана емес, үнсіз бақылаушы баланың да психикалық денсаулығына зиян келтіреді".

Буллингтің белгілері мен отбасының әсері

Буллингке баратын балалардың да психологиялық ерекшеліктеріне мән беру қажет. Өйткені отбасының әл-ауқатына, ата-анасының қамқорлығына және даму деңгейіне қарамастан, кез келген бала қорлаудың құрбаны болуы мүмкін. Агрессия олардың балаларына қарсы бағытталмағанын көрсетсе де, ересектердің мұндай мәселелерді бақылауда ұстауы маңызды.

"Көп жағдайда ата-анасы ажырасып кеткен болмаса бақылаудан шығып қалған балалар агрессияға бір табан жақын болады. Олар өздерінің басқалардан төмен екенін байқат-

пау үшін, (психологияда оны "қорғаныс механизмі" дейді), сол секілді әкесінің жоқ екенін туралы сұрақ туындамас үшін бейсаналық инстинкт бойынша құдалау әрекеттеріне барады. Егер бала буллингтің құрбаны болып, бірақ өзі мұны айтпаса, оны мынадай физикалық және психологиялық белгілерінен байқап аламыз. Олар: ауыру белгілері, мектепке баруға зауқы болмайды немесе мектепке кеттім деп басқа жерде жүреді. Аландаушылық пен уайым. Сөйлеуге зауқы болмайды және көбінесе оңашаланып жүреді"

"Әр отбасының тәрбиесі әр алуан болатыны түсінікті. Ата-ананың барлығы баласына дұрыс тәрбие беріп, тұзу жолда жүрсе екен дейді. Үйді баланың өз бетімен шешім қабылдауына мүмкіншілік беру қажет. Кейде баланың бетінен қақпай, көкке көтеріп өсірудің өзі теріс әсер ететінін жағдайлар кездеседі. Сонымен қатар баланы қысып ұстау, оның пікірін тыңдамау, ұрып-соғу деген секілді жағдайларда кездеседі. Осындай жағдайларда бала ішінде жиналып қалған агрессиясын сыртқа шығарады. Бұл мектепке келіп басқа балаларды кемсітумен, мазақтаумен көрініс табуы ықтимал".

Буллингтің алдын алу үшін не істеу керек?

Жасөспірімдер арасындағы буллинг — кешенді тәсілді қажет ететін мәселе. Мектептегі құдалаумен бала жалғыз өзі

емес, бүкіл тарап — оқушының өзімен қатар ата-ана мен мұғалім де күресуі керек. Буллингке ұшырағандарға айтылатын алғашқы кеңес — маманның көмегіне жүгінген жөн. Ата-анаға ақыл-кеңес.

Қорлық көрген баланың ата-анасы көп жағдайда кінә, ұят, ашу және әлсіздік секілді сезімдерді басынан өткереді. Осыған байланысты кейде қолдау мен жанашырлықтың орнына олар: "Неге қарсы жауап бермедің?", "Әлсіз болма!", "Өзің кінәлісің" деген секілді сөздер айтып, баланың өзін айыптайды. Бұл кез келген отбасының басынан өтуі мүмкін екенін ұмытпау шарт. Бұл жерде ешкімнің кінәсі жоқ, әсіресе баланың. Керісінше, мына сөздер бала мен ата-ананың өзгерісіне оң әсер етеді:

• "Мен саған сенемін". Бұл балаға кез келген жағдайда өзін жалғыз емес екенін ұқтырады;

• "Бұл сенің кінәң емес". Осы арқылы балаға мұндай мәселеге тап болып тұрған өзі ғана емес екенін түсіндіру маңызды;

• "Мен сені жақсы көремін және енді қайта қауіп төнбес үшін барлығын жасаймын". Бұл балаға қорғаныш сезімін ұялатып, болашаққа үмітпен қарауына көмектеседі.

Балаңыз кез келген жағдайда көмек сұрауға дайын болатындай әрқашан сенімді қарны-қатынас орнатыңыз".

Мұғалімге ақыл-кеңес

Мұғалімдер әсіресе балалардың ата-анасымен тығыз бай-

ланыста болуы керек. Өйткені көбінесе ата-анасы баласының сыртқа шыққандағы мінез-құлқын хабары болмай қалады. Содан соң сыныпта ортақ жағымды атмосфера қалыптастыру маңызды. Бұзақылыққа баратын балаларды сынып арқылы тәрбиелеу секілді.

Баланың өзіне ақыл-кеңес

"Жасөспірім өзінің жасына байланысты буллингтен өзін қорғап қала алмайды. Бұл үлкендердің жұмысы. Дегенмен, мұндай мәселелердің алдын алу үшін ересектер балаларға түсіндіруі керек негізгі мәселелер бар:

- Өзі сенім артатын үлкендерге болып жатқан қысым туралы айту;
- Құдалауға қатігездікпен жауап берем деп үміттену дұрыс емес. Бұл тағы да басқа мәселелерді тудыруы мүмкін;
- Егер буллингтің куәгері болған жағдайда оны назардан тыс қалдырмауды үйрету".

Сөзімді түйіндей келе әрбір ата-анаға өз баласымен ашық әңгімелесуді, мектеп қабырғасында өзі немесе басқа бала қысымға ұшыраса не істеу қажет екенін түсіндіруге кеңес беремін. Сонымен бірге баланың өзі агрессорға айналып кетпес үшін, айналасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру қажет деп санайтынын баса айтамын.

Ақнұр ЖАУҒАШАР,
Ойыл аудандық аурухана психологі.

ЖЫЛДЫҢ МАУСЫМЫНДА ОПЕРАТОРЛАР ДАЯРЛАНДЫ



КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

Қазақстан Республикасы еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде қысқа мерзімді операторларды оқыту жүргізілді. Жұмыссыздарды кәсіптік оқыту аясында Ойыл ауданы бойынша 12 азамат «QazServiceGroup» ЖШС оқыту орталығы арқылы 2 ай мерзімге оқытылып, тағайындалған шәкіртақыларын алып отырды. Өткен аптада оқу курсы аяқталып арнайы тест тапсыру арқылы оқуды тәмәмдаған 12 азаматқа от жағушы куәліктері тапсырылды. Осы аталған азаматтар алған мамандықтары бойынша жұмысқа жолдана алды.

ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУДЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ - УЛЫ ГАЗБЕН УЛАНУ

Адам өміріне орасан шығын әкелетін өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әліде болса немқұрайлықпен қараудамыз. Атап айтсақ, Ағымдағы жылдың 19 қазан күні Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі, Қаратал ауылының 1 тұрғыны тұншықтырғыш газымен улану диагнозымен ауруханаға түсті. Уланудың басты себебі тұрғын үйдегі пеш жүйесінің ақаулығынан, пеш плитасының жарықтары бар. Қазіргі таңда ауданымызда 2024-2025 жылдардағы жылу беру маусымында тұрғын үй секторында Төтенше жағдайларды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауқымды іс-шаралар атқарылып келеді. Ауданымыздағы тұрғын үйлерге профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарының бұзушылықтары анықталуда. Бұзушылықтардың басым бөлігі жылыту пештердің ақаулығы, түтін құдыры мен мұржалары тазартылмаған, жылыту пештерінің алдына көлемі 0,5 x 0,7 м көлеміндегі металл қаңылтыр төселмеген және т.б. Сонымен қатар аудан орталығындағы тұрғындарға үйлеріңіздегі табиғи газды анықтайтын сигнализаторларды тоқ көзіне қосып, қапыпты жұмыс жағдайына келтірулеріңізді сұраймыз. Сондықтан, осы кезде уланудың қауіпіне қарсы күрес жүргізіп оны болдырмаудың мүмкіндіктерін жасап отыруға тиіспіз. Ол үшін от жағу маусымы кезінде пештер мен басқа да жылу беру құралдарының қалыпты жұмыс жасауына ұдайы бақылау жүргізу қажет. Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау басты назарда болуы керек. Алдағы уақытта біле отырған жөн деп санаймын: Тұншықтырғыш газ немесе көміртекті тотығы-түссіз, иісі жоқ газ, ауадан жеңіл. Тұншықтырғыш газ өр жолы ағаш, көмір отынды жаққан кезде қалыптасадды. Тұншықтырғыш газымен улану себептері: Пеш жағып жылытуды пайдалану ережелерінің бұзылуы (уақытылы саңылауларды жаппау, таза ауаның жеткіліксіздігі, нашар тартуы). Пешпен түтін шығу жолдарының ақаулы жұмыс жасауы (пеш құрылғысындағы жарықтар, түтін шығу жолдарының бітелуі). Адамның өрт ошағында болуы. Ауа алмасу нашар гаражда немесе бөлмеде автокөлікке техникалық қызмет көрсету. Қозғалтқышы қосылған күйдегі автокөлікте ұйықтау. Сіздер мен біздің ең басты міндетіміз адам өмірі мен мүлкін өрттен және басқа да төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады. Сондықтан да, аудан тұрғындары өздерінің, балаларының, тұрма-туысқандарының өміріне бей-жай қарамай жеке тұрғын үйлерінде, жұмыс орындарында және басқа да қоғамдық орындарда өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап жүруіңізді сұраймыз.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

БАЛАЛАРДЫҢ ТІСЖЕГІ АУРУЫ НЕЛІКТЕН КӨП?



Тісжегі – бірқатар қолайсыз факторлардың әсерінен қатты тіс тіндерінің бұзылуының патологиялық процесі болып табылатын әлемдегі ең көп таралған ауру. Бір жастан 14 жасқа дейінгі балалар тісжегі ауруы бойынша ерекше қауіп тобына жатады. Балалар эмалының қышқылдардың әсеріне жоғары сезімталдығы, гигиена негіздерінің жоқтығы және дұрыс тамақтанбау - осының айқын дәлелі. Баланың жасына қарамастан, олардың дұрыс тамақтануына аса мән беру керек. Қытырлақ, газдалған су, қымбат емес тәттілерді жеу, түнге қарай тәтті су, шырындар, сүт ішу баланың тістерінің күйіне теріс әсер етеді. Сондықтан баланың рационалы кальцийге бай препараттарды енгізіп, қаралайым көмірсуларға негізделген өнімдерді пайдалануды мүмкіндігінше шектеу қажет. Рационға сүт, сүзбе, қатты ірімшіктерді міндетті түрде қосу қажет, ал витаминдерге келетін болсақ баларға өте тәтті емес жемістерді берген жөн, ал күзгі-қысқы кезеңде витаминді-минералды кешендер міндетті түрде қабылдауын ұмытпаңыз. Сонымен қатар, баланы ауыз қуысының гигиенасына үйрету өте маңызды. Тіс пастасы мен тіс щеткасын дұрыс таңдау маңызды рөл атқарады. (Бұл мәселені маманмен шешкен дұрыс болады). Тіс пастасын жұтып қою қауіп болдырмау үшін ата-налар 7 жасқа дейінгі балалардың тіс тазалау процесін қадағалауы керек. Сонымен қатар, гигиеналық өнімдерді үнемі жаңартып отыру керек екенін ұмытпаңыз. Соңында айтатын жайт, тісжегі ауруын болдырмаудың сенімді профилактикасы да, оны табысты емдеудің де негізі болып табылатын ең маңызды мәселе - тіс дәрігеріне үнемі бару әдеті. Тек маман ғана қажетті ұсынысты уақтылы бере алады, аурудың дамуын уақытында анықтап, оны ерте кезеңдерде тоқтатады.

Г. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

БІРЛЕСКЕН КЕЗДЕСУ ОРТАК МІНДЕТТІН ОРАЙЫ



Өткен аптада Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде аудан әкімінің орынбасары М.Айдарбаев, аудан әкімі аппаратының бас маманы Г.Ермағанбетова, аудан прокуратурасының прокуроры С.Меңдібаев, аудандық ПБ-нің ЖПҚБ КТІЖ УПИ, полиция аға лейтенанты Н.Әділбеков, аудандық білім бөлімі басшысының уақытша міндетін атқарушы Е.Бегалин, аудандық аурухананың психологы А.Длимова және жастар ресурстық орталығының басшысы Ж.Ізғаринаның қатысуымен жоғары сынып оқушыларына жастар арасында есірткі заттар пайдалану, қоғамдағы негізгі құндылықтар, құқық-бұзушылықтың себеп-салдары, балалар арасындағы суицид, буллинг, кибербуллинг тақырыбында кездесу өткізіп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыруды көздеген кездесуде жастарды қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға және құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеуге шақырды.



КІТАПХАНАШЫҒА ҚҰРМЕТ – БІЛІМГЕ ТАҒЗЫМ!

24-ҚАЗАН "КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ" БОЛЫП КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕР КҮНТІЗБЕСІНЕ ЕНДІ. БҰЛ КІТАПХАНАШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ МӨРТЕБЕСІН КӨТЕРІП, КІТАПХАНАШЫНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕГІНІҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНДА АЛАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ АЙРЫҚША ЕКЕНДІГІН КӨРСЕТІП ОТЫР.



Ал, Абайға жүгінсек, «Артық білім кітапта...». Яғни, хакім Абай атамның өзі аманаттағанындай рухани азықтың бастау бұлағы болып табылатын кітаптың адам өміріндегі алар орны бөлек. «Білімнің бұлағының» тұнығын таза ұстап, оқырманымен ортадағы дәнекер кітапханашы өмірде мақсатқа жеткізетін нәрсе - оқу-білім мен үнемі ізденіс екенін насихаттаудан еш жалыққан емес. Көп оқып, көп білген еш уақытта артық болмайды, керісінше, сол арқылы кедергілердің кілтін табуға болады... Осыған орай аудандық ОК-Ж-нің ұйымдастыруымен кітапханашылар күні қарсаңында "Жас библио көшбасшы-2024" атты мерекелік мәдени шаралар ұйымдастырылды. Шараға аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатысып, кітапхана саласындағы абыройлы еңбектері үшін кітапханашыларды, отбасылық оқуды мақсат еткен кітапхана оқырмандарын, кітап жана-шырларын алғыс хаттармен марапаттап сый-сияпаттарын табыстады. Одан кейін мәдениет үйі өнерпаздары әсем әндерімен әрлеген мерекелік шарада Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Ұлмекен Төлеушова, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Жан-гүл Ізғарина, Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің директоры Балқия Рысбаева, аудандық мәдениет үйінің директоры Индира Суқашевалар кітапханашыларды кәсіби мерекемен құттықтап шығармашылық табыс тіледі. Р. С. Ауылдық кітапханашылар арасында "Жас библио көшбасшы-2024" байқауының нәтижесінде Саралжын модельді кітапханасының кітапханашысы М.Мұхамбетқазиева 1-орынға ие болды.

ҚЫШЫМА



Қышыма (Чесотка) қышыма жұқтыратын кенелер арқылы тарайтын жұқпалы ауру. Қышыма кенесі жай көзге көрінбейтін өте ұсақ бола тұра организмге орасан зор зиян келтіреді. Денеге түскен қышыма кенесі терінің үстіңгі қабатын тесіп өтіп, денеде жарақат қалдырады. Қышыма киім-кешек, төсек орын т.б. тұрмыстық заттар арқылы ауру адамнан айналалындағы сау адамдарға жұғады. Санитарлық тазалық шаралары орындалмаған жағдайларда монша, қонақүй, жатақхана т.б. қоғамдық орындардан да жұқтырып алуыңыз мүмкін. Балаларға отбасындағы ауырған үлкендерден немесе кітап, ойыншық т.б. қолға ұстаған заттар арқылы жұғады. Аурудың жасырын кезеңі (ауру жұққан уақыттан бастап аурудың алғашқы белгілері білінгенге дейінгі уақыт) – 7-10 күннен 1 айға дейін созылады. Аурудың ең басты белгісі - қышыну. Дененің қышыма кенесі түскен жерінде бөріткен көпіршіктер пайда болады. Ауру әсіресе түнге қарай қатты қышиды, ұйқы бұзылады. Қасып жарақаттанған жерге лас, шаң түсіп, іріңді жарақаттарға айналуы да мүмкін. Бұл аурудың асқынған түрі. Қышыма бөрткендері әсіресе саусақ аралығында, қолдың білезіктігінде, кеуде, іш, жамбас тұстарында көбірек кездеседі. Жас сәбилердің табаны мен алақандарында, басында және беттерінде болуы мүмкін. Аурудың алғашқы белгілері білінісімен дәрігерге қаралған жағдайда, ауруды асқындырмай тез жазылуға болады. Аурудан сақтанудың ең тиімді жолы – тазалық! Гигиена талаптарын орындау қарапайым қол жуу, моншаға барудан бастап, тұтынған заттарды дымқыл шүберекпен сүртіп, киімдер мен төсек жаймаларын мезгілінде жуып тұру, отбасында ауру адам болған жағдайда оның жеке гигиеналық заттарын отбасының басқа мүшелері пайдаланатын заттардан бөлектету. Абай болыңыздар, қышыманы жұқтырып алмаңыздар. Жеке бас тазалығын сақтаңыздар деп кеңес бергіміз келеді.

Ө. ИБРАШЕВА, Ойыл аудандық орталық ауруханасының дәрігер-дерматолог.